«Бекітемін»
Бөрлі ауданы әкімінің м.а
_____А.Тоғжанов
«__»_____2025 жыл

Бөрлі ауданының 90 жылдық мерейтойына арналған мәдени іс-шаралар
Ж О С П А Р Ы

№	Мәдени іс-шаралар атауы	Өтетін мерзімі	Өтетін орны	Жауапты
1	**«БӨРЛІ БАЙРАҒЫМ»** Бөрлі ауданының цифрлық энциклопедиясының тұсау кесері. Бөрлі ауданының 90-жылдығына орай интерактивті цифрлық форматтағы AR кітапты сатып алу (жалпы таралымы – 200 дана) Оның ішінде : - 50 дана-қатты мұқабада, сыйлық футлярымен (терможамылғы), клише арқылы алтын түспен таңбаланған; - 150 дана – қатты мұқабада, футлярсыз, клишемен алтын түсті таңбамен.	тамыз	Аудандық Мәдениет үйі	Аудандық демалу орталығы
2	Бөрлі ауданының 90 жылдығы, ҚХА құрылғанына 30 жылдығы қарсаңында **«Бөрлі кеңістігі»** облыстық қылқалам шеберлерінің сипозиумы	тамыз	Аудандық Мәдениет үйі	Аудандық демалу орталығы
3	Бөрлі ауданының 90 жылдығы қарсаңында **«Бөрлі шыркайды»** аймақтық вокалды аспапты ансамблдер арасындағы фестивалі	тамыз	Аудандық Мәдениет үйі	Аудандық демалу орталығы
4	**«МЕГА МАРАПАТ-2025»**Бөрлі ауданының 90 жылдығы қарсаңында Бөрлі ауданының жан-жақты дамуына үлес қосқан	тамыз	Аудандық Мәдениет үйі	Аудандық демалу орталығы

	жомарт жүрек азаматтарды марапаттау рәсімі			
5	Бөрлі ауданының 90 жылдығы қарсаңында **«BORLI FEST»** ҚР эстрада жұлдыздарының қатысуымен Гала концерт. Сахналық жабдықтарды жалға алу (Іс – шараны өткізуге арналған эскизге сәйкес безендірумен сахналық жабдықты ұйымдастыру бойынша қызметтер, жарықдиодты LED экрандар, жарық жабдықтары, сахналық арнайы эффектілер, қуат көзі жабдықтары, қызмет көрсетуші персонал: жарық суретшілері, бейнеинженерлер, сахна техникасы, логистика)	тамыз	Аудандық Мәдениет үйі	Аудандық демалу орталығы

Бөрлі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы **А.Дюсенов**

«Бекітемін»
Бөрлі ауданының
мәдениет және тілдерді
дамыту бөлімінің басшысы
_____ А.Е.Дюсенов
«__» _____ 2025 жыл

Бөрлі ауданының 90 жылдық мерейтойына арналған
11-23 тамыз күндері аралығында өтетін мәдени іс-шаралар
Ж О С П А Р Ы

№	Мәдени іс-шаралар атауы	Өтетін мерзімі	Өтетін орны	Жауапты
1	Бөрлі ауданының 90 жылдығына арналған іс-шаралар жұмыс барысының басталуы	11-12 тамыз	Аудандық Мәдениет үйі	Аудандық демалу орталығы
2	***«БӨРЛІ КЕҢІСТІГІ»*** **СИМПОЗИУМ** (қылқалам шеберлері сипозиумының ашылу салтанаты) ***«МЕГА МАРАПАТ-2025»*** Бөрлі ауданының жан-жақты дамуына үлес қосқан жомарт жүрек азаматтарды марапаттау рәсімі	13 тамыз	«Арман» мейрамханасының жазғы верандасы «Арман» мейрамханасы	Аудандық демалу орталығы
3	***«БӨРЛІ БАЙРАҒЫМ»*** Бөрлі ауданының цифрлық энциклопедиясының тұсау кесері. Бөрлі ауданының 90-жылдығына орай интерактивті цифрлық форматтағы AR кітапты сатып алу (жалпы таралымы – 200 дана) Оның ішінде : - 50 дана-қатты мұқабада, сыйлық футлярымен (терможамылғы), клише арқылы алтын түспен таңбаланған; - 150 дана – қатты мұқабада,	15 тамыз	Аудандық Мәдениет үйі	Аудандық демалу орталығы

	футлярсыз, клишемен алтын түсті таңбамен.			
4	***«BORLI MUSIC FEST»*** (Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау, Орал, Бөрлі ауданы, аймақтық вокалды аспапты ансамбльдер арасындағы фестиваль)	18-19 тамыз	«Ғ.Жәңгіров» демалыс саябағы	Аудандық демалу орталығы
5	Шығармашылық және текникалық ген прогондар	20-22 тамыз	Шара локациялары	Аудандық демалу орталығы
6	***ТУҒАН КҮНІҢМЕН – БӨРЛІ!*** Гала – іс шарасы - «Бөрлі Берекелі Мекенім» композициялық қойылым; - Құттықтау; - Концерт; - Хедлайнер *(Қазақстан эстрада жұлдыздарының шығуы)*	23 тамыз	ФОК «Карашығанақ» спорт кешені	Аудандық демалу орталығы

Бөрлі ауданының 90 жылдығына орай
***ТУҒАН КҮНІҢМЕН – БӨРЛІ!* Гала концерті**

23 тамыз, сағ: 20.00 ***ФОК «Карашығанақ» спорт кешені***

І БЛОК.

«БӨРЛІ БЕРЕКЕЛІ МЕКЕНІМ» композициялық қойылымы

Диктор: Қойнауы құтқа толы, еңбек адамдары мен жұмысшы мамандары Отан үшін тер төккен Мұнайлы өлкенің туған күнін бірге тойлайық !
Сахнаға Барабаншылар шығады; *(20 барабаншы шығады)*

Диктор: Бөрлі ауданының маңызы өз өңірімізде ғана емес, ел өмірінде де айрықша орын алады. Ажары таймаған, базары тарқамаған берекелі мекеннің кешегісі мен бүгіні айқын, ал болашағы жарқын боларына біз сенеміз!
«Базарлы Бөрлі керуені» «Көрікті керуен» композициясы (Төменгі алаңға жігіт, қыз аралас ересек топ және әжелер, аталар, келіндер, өзге ұлт өкілдері жас оқушы ұл қыздар 150 адам шығады).

Диктор: Тарихы мұнайдан да терең жатқан киелі жердің, ел қорыған ерлері Жолбарыс батыр бабасының ерліктерін өздеріне әрдайым үлгі тұтады.
(Сахнаға Астында тұлпары, бойында бес қаруы түгел Жолбарыс батыр бейнесіндегі Райымбек Сабырғалиевті бүгінгі күннің әскерлері бастап шығады. Баба ерлігі бүгінге ұран.)

Диктор: «Қазақта Марабайдан артық ақынды мен білген емеспін» деп, ұлы Абайдың өзі бағасын берген Бөрлі ауданының төл перзенті, атақты эпик жыршы, жырау Марабай Құлжабайұлы сөз ұстаған, елін сүйген әр перзенттің мақтанышы.
Марабай жырау: БӨРІЛІ БАЙРАҚ
«Сөйле дедің біздерге»
Жиналып бәрің келіпсің
Алқалаған, әлеумет,
Берекелі мекеннің,
Қуанышты тойына.
Той қызықты болады,
Ортасы толса ойынға.
Ойын түрі басталса,
Сый-сияпат тасталса,
Қыз бен жігіт қосылып,
Қоңырлатып ән салса.
Домбырадан күй төгіп,
Балаусадай балқытса,
Құйқылжытып қалқытса.
Тіл көмейден ақынның
Алтындай сөзі ағылса.
Қыз-бозбала бір өңкей,
Аңыратып ән салса. / **Марабай ҚҰЛЖАБАЙҰЛЫ/**

Диктор: Торқалы тойдың толғауын Жалықпастан жырлайтын, халқы ұйып тыңдайтын Ақжайықтың азулы ақындары алшаң басып келеді, ағайын!
Жәнібектің төрінен Мұрадым Мирланов
Бөкейдің елінен Талғат Мықи
Жымпиты жерінен Бауыржан Ширмеденұлы
Күй астанасы Жаңақаладан Орынбек Мендіқұл
Ән ордасы Қаратөбеден Райымбек Өтепов
Тектілердің мекені Теректіден Әділ Ахметов
Берекелі Бөрліден Жарқынбек Шынтаев

«Торқалы тойдың толғауы » *(Белгілі айтыскер ақындардың шеруі, сахнаға бір топ ақындар шығып, эстрадалық бағытта Бөрліге арнау орындайды, аудан тарихыннан сыр шертеді. Сахнада 7 ақын).*

Диктор: Жері байдың, елі бай. Ауданның абыройын асқататып, беделін биіктеткен Қарашығанақ кен орны Қазақстандағы ірі мұнай- газ кен орны болып табылады. Әлемге әйгілі Қарашығанақ, Берекелі мекеннің әр тұрғынының мақтанышы.
«Мұнайлы өлкем Бөрлім» композициясы. *(ҚР жұлдызы, Түркия елінде өткен «Turkviziyon» байқауының бас жүлдегері, күйші Нұржан Тажкенов. Үлгілі «Назерке» би ансамблі. 100 биші мұнайшы киімінде)*

Диктор: Құрсағы кенге толы бай өлкеміз «Табиғат ананың» бізге берген тамаша сыйы. Шаңырағын достықтың уықтары тік көтерген ынтымағы жарасқан бұл өлкенің болашаққа бастаған көші көрікті. Киіз үй даңқты бабаларымыздың қарашаңырағы. Қарашаңырағымыз биік болсын! Берекелі Бөрлінің 90 жылдығы құтты болсын!

«Шаңырақ» композициясы *(20 модель қыз бастарына шаңырақ бейнеленген кеуделеріне лентаға арнайы ТУҒАН КҮНІҢМЕН БӨРЛІ! жазуы жазылған ұлттық киімде.)*

«Перзент тілегі» поэтикалық композициясы; *(Сахнаға 1 қыз 6 жігіт шығады, фаер қосылады);*

Асель: *Бөрілі берекелі мекенімсің,*
Басқа жер Бөрліме жетермісің
Шырайлы, мұнайлы өлкем мақтанышым
Жердегі сен жұмағым екенбісің

Ернар: *Ұлы дала қуат алам жерімнен* — ***- ДЫМ (Тяжелый)***
Өн бойыма дархандығың берілген — ***- ФАЕР***
Бөлінбеген ата-дәстүр тегінен
Рухым асқақ егеменді еліммен

Өтепберген: *Жанған оттай алаулаймын жасымда*
Қарттарым бар қазыналы асылдай
Елге,жерге отаныма еңбек қып,
Қас жүйріктей шабам енді басылмай.

Ислам: *Бөрілім батыстағы мұнайлы аудан,*
Суы бал, шөбі шүйгін шұрайлы аудан.
Ақсайдай қаласына ғашық болып,
Кете алмай, келген адам шыр айналған.

Нұрболат: *Шыңғырлау, Жайық, Елек, қатар аққан,*
Ағылған жақсы-жайсаң шартараптан.
Спортшы дүлдүлдерін әлем танып,
Жезтаңдай бұлбұлдары ән таратқан.

Ерасыл: *Қазақтың мойындаған дана Абайы,*
Бөрлінің даңқты жырау Марабайы.
Жеткізген батырлардың жырын елге.
Айтпасақ баба жайлы жарамайды.

Ишан мен хазіреттер туған өлке,
Жолбарыс батыр жауын қуған өлке.
Тарихы мұнайынан терең жатқан,
Бөрілім берекелі думанды өлке.

«Бөрілім биік байрағым» композициясы *(«Рух» әніне ,«Ту көтеру» фонтан қосылады. Бишілер ұлдардан құралған 100 дана ФОНТАН);*

II БЛОК
Жүргізушілердің шығуы: Тимур таменов, Арна Доспулаева, Данияр Ескалиев.
Іжүрг: Қайырлы кеш жерлестер! Бүгінгі Бөрлі ауданының туған күні құтты болсын!
IIжүрг: Добрый вечер друзья! Мы приветствуем Вас на праздничном концерте посвященный Дню Бурлинского района! С Днем рождения Бурлинский район....!
III жүрг: Мұнайлы өлке шаһары Бөрлі ауданының мерей тойымен құттықтаймыз!

Құттықтау

- Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиұлы Төреғалиев
- Бөрлі ауданы әкімі Еркебұлан Нұретдинұлы Ихсанов

/Сахнада 100 дана ФОНТАН атылады/

III БЛОК	**КОНЦЕРТ**		**Адам саны**
1	**«IL Divo – Ti Amero»**	**«Мәдениет майталманы»** төсбелгісінің иегері, классика жанрының әншісі **Самал Дигалиева** **«GRAND MENS»** classical crossover group	**5-әнші**
2	*әні: Е.Көшербаев* *сөзі: Ә.Әлішер* **«Елге арнау»**	**«Мәдениет қайраткері»** төсбелгісінің иегері, дәстүрлі әнші **Жаңыл Чугирова**	**1-әнші** **30-биші**
3	**«Елім деп соққан жүрегім»**	**Айболат Какимов** **Асель Куджанова** **Алия Бакеева** **Анастасия Мартусь** **Дархан Тасимов**	**5-әнші**
4	**« » әні**	**Марат Сарбупеев** **Аружан Баймурзина**	**2-әнші**
5	*слова: Р. Рождественский* *музыка: Д. Тухманов* **«Я, ты, он, она»**	**Ольга Романад** и творческая студия **«New Star»** **Рук: Ольга Романад**	**1-әнші** **90-бала**
6	*әні: Ж.Шынтаев* *сөзі: Е.Ақбасов* **«Beautiful Aksai»**	**Ерасыл Мәлік** **Гүлсезім Қуанышқалиева** **Алдаберген Аймагамбетов**	**3-әнші**
IV БЛОК / ХЕДЛАЙНЕР/ *Қазақстан эстрадасының жұлдыздары* *Сағ: 21.00-22.45 аралығында өнер көрсетеді;*			
7	*сөзі: Ж. Шынтаев* *әні: Е. Ақбасов* **«Берекелі Бөрлім»**	**Ербол Ақбасов** **Бекей Қанатов** **Жарқынбек Шынтаев** **Гүлсезім Қуанышқалиева** **Виктория Суханова** **Ольга Романад**	**6-әнші**
8	**Сағ: 23.00- От шашу**		**420 адам**